

DOI: <https://doi.org/10.47344/kgt93455>

FTAMP: 10.47.31

Орталық Азия мемлекеттеріндегі неке және отбасы заңнамасының бүгінгі хал-ахуалы: кемелдендіру мүмкіндіктері

Марат Естемиров¹¹SDU University, Kaskelen, Kazakhstane-mail: marat.yestemirov@sdu.edu.kz

Андатпа

Мақалада автор Орталық Азия елдеріндегі неке және отбасы заңнамасының бүгінгі хал-ахуалына талдау жүргізеді. Конституциялық Сот байламдарының отбасы құқығын дамуындағы маңызы көрсетіліп, Орталық Азия елдеріндегі Конституциялық Соттардың тәжірибесін зерттеу ұсынылған. Орталық Азия елдеріндегі неке және отбасы заңнамасының ұқсастығы жайлы байлам жасалған. Дегенмен бірқатар бағыттар бойынша Орталық Азия елдерінде әралуан құқықтық реттеудің барлығы да мәлім болды. Мысалы, суррогат аналықтың құқықтық реттелуі. Бұл сауал бойынша аймақтағы елдердің заң шығарушылары бір-біріне кереғар ұстанымда: Қазақстан және Қырғызстанда суррогат аналыққа рұқсат етілсе, Өзбекстан мен Тәжікстан заң шығарушылары бейтарап позиция қалуда, ал Түркіменстан заң шығарушысы бұл конструкцияны адам саудасына теңестіреді. Суррогат аналыққа қатысты отандық сот практикасынан мысалдар келтірілген. Отандық соттарда қарастырылған жекелеген даулардың негізінде және шетелдік тәжірибені талдау нәтижесінде «суррогат аналық» айналасындағы жағдайдың анау айтқандай қарапайым еместігі жайлы байлам жасалды. Аймақ елдеріндегі заң шығарушылардың ұстанымы қабыспаған келесі бір сауал, бұл некеге тұрушыларды медициналық тексеруден өткеру мәселесі болды. Өзбекстан және Тәжікстан заң шығарушылары некеге тұрушыларға нәтижесі хабарланатын тегін міндетті медициналық тексеруді енгізген. Ал Қазақстан, Қырғызстан және Түркіменстан заң шығарушылары болса, бұл сауалды некеге тұрушылардың еріктеріне қалдырған.

Кілт сөздер: неке, отбасы, суррогат аналық, некеге тұрушыларды міндетті медициналық ексеу, сот практикасы.

Кіріспе

Салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті жағынан Орталық Азия халықтарын біріктіретін көптеген дүниелер бар. Ал, Орталық Азия елдерінің бүгінгі таңдағы неке және отбасы заңнамасы қалай? Осы саладағы құқықтық реттеуде алшақтық бар ма? Қандай ұқсас механизмдер бар? Сонымен, бұл мақала осы сауалдарға жауап іздеуге бағытталмақ. Тарихы, тағдыры бір Орталық Азия халықтарының өзара құрмет, ынтымақтастық, әріптестікке негізделген қарым-қатынасы бүкіл өңірдің алаңсыз дамуына ықпал етері сөзсіз. Бұған осы елдердегі құқықтық реттеу механизмдерінің де тигізер ықпалы едәуір. Бұл жайт осы зерттеудің өзектілігін тағы да айшықтай түседі.

Орталық Азия елдеріндегі зерттеушілердің бір-бірінің тәжірибесін зерттеуі, осы арқылы кемелдендіру мүмкіндіктерін талқылауы бүгінгі күннің талабы. Осы бағыттағы

зерттеулерді қолға алу арқылы құқықтық реттеудегі ұқсастықтар мен алшақтықтарды және олардың себептеріне ой жүгіртуге мүмкіндік ашылмақ. Мысалы, некені бұзу сауалына қатысты Қазақстан мен Өзбекстан заң шығарушыларының ұстанымдары ұқсас. Атап айтқанда, екі елдің де отбасы кодекстерінде әйел адамның жүктілігі және бала дүниеге келгеннен соң бір жылдың ішінде әйел адамның келісімінсіз некені тоқтатуға жол берілмейтіндігі бекітілген¹. Алайда, бұл сауалдың жекелеген қырларына қатысты аталған екі елдің сот корпустарының ұстанымдарында алшақтық бар. Мысалы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өз нормативтік қаулысында бала өлі туылса немесе бір жылға жетпей шетінеп кеткен жағдайларда жоғарыдағы тыйымның қолданылмайтындығын айтса, ал Өзбекстан Республикасының Жоғарғы Соты бұл жайтқа қарамай жоғарыдағы тыйымның күші сақталып қалатындығы жайлы байлам айтады. Өзбекстан және Қазақстан Республикаларында неке шартын жасасуға қатысты да ерекшеліктер бар. Мысалы, өзбекстандық отбасы кодексінің 35-бабына сәйкес неке шартын жасасқалы жатқан ерлі-зайыпты өз кредиторларын хабардар етуі тиіс. Мұндай талап қазақстандық заң шығарушы тарапынан қойылмаған.

Соңғы жылдары Орталық Азия аймағы елдеріндегі отбасы қатынастарын реттейтін жергілікті заңнаманы дамытуға осы елдердегі Конституциялық Соттардың жасаған байламдары едәуір үлкен оң ықпалын тигізіп жатыр. Осы ретте отандық отбасы заңнамасын кемелдендіруге үлкен үлес болған бұл байламдардың бірнешеуіне тоқтала кетсек. Алдымен, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 91-бабы 2-тармағы 11) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 23 шілдедегі № 49-НҚ нормативтік қаулысындағы сауалға тоқталсақ. Бұл қаулыда некеде тұрмайтын ер адамдардың бала асырап алуына салынған Қазақстан Республикасы Отбасы кодексінің 91-бабы 2-тармағының 11) тармақшасындағы тыйымның ел Конституциясына сәйкестігі тексерілген еді. Конституциялық Сот осы қаулыда «бала асырап алуға ниетті адамдарға қатысты олардың жынысына байланысты тең емес қатынас Конституцияның 14-бабының талаптарына сәйкес келмейді» деген байлам жасап, Қазақстан Республикасы Отбасы Кодексінің 91-бабы 2-тармағы 11) тармақшасындағы ережені Конституцияға сәйкес келмейді деп таниды. Ал аймақтағы өзге елдердің заң шығарушылары болса, өз Отбасы кодекстерінде бала асырап алушыларға жынысына қарай қойылатын мұндай тыйымды бекітпеген.

Ал "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 37-бабы 6-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 55-НҚ нормативтік қаулысында «некесі (ерлі-зайыптылығы) бұзылған ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы ерлі-зайыптылардың талаптарына неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған кезден бастап талап қоюдың ескіруінің үш жылдық мерзімі қолданылады» деген ереженің Конституцияға сәйкестігі жайлы мәселе көтерілген. Атап айтқанда Қазақстандық Конституциялық Сот «Осы мағынада Кодекстің 37-бабы 6-тармағының қолданыстағы нормасы АҚ-нің 180-бабында белгіленген талап қоюдың ескіруінің жалпы мерзімі қолданылатын сотта өзінің мүлктік құқықтары мен мүдделерін қорғайтын басқа адамдармен салыстырғанда ортақ бірлескен мүлкін бөлу кезінде өз құқықтарын қорғайтын ерлі-зайыптыларға қатысты кемсітушілік туғызады, бұл Конституцияның 14-бабында бекітілген заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең қағидатына

¹ Қазақстанның отбасы кодексінде бұл 16-бапта, ал Өзбекстанның отбасы кодексінде 39-бапта бекітілген.

сәйкес келмейді» деген мазмұнда пікір білдіріп, «Қазақстан Республикасы Отбасы Кодексінің 37-бабы 6-тармағының нормасы "неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған кезден бастап" деген сөздер бөлігінде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп танылсын» деген пікір білдірген. Осы ретте Өзбекстандық Отбасы кодексінің 27-бабының соңғы бөлігі де дәл осындай мазмұнда берілсе, ал Қырғызстандық Отбасы кодексінің 39-бабының 7-тармағы Қазақстандық Конституциялық Сот жарамсыз деп таныған редакцияда тұр.

Қазақстандық Конституциялық Соттың келесі бір қаулысында жасалған байламда аймақтағы елдердің заң шығарушыларына қызық болады деп пайымдаймыз. Нақтырақ айтқанда “Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы" 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6 нормативтік қаулысының 29-тармағы екінші, үшінші және төртінші абзацтарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы” Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 58-НҚ нормативтік қаулысына арқау болғанда істе азамат екі рет некеге тұрып, қос жағдайда да некені бұзады. Бірінші некеден 1 баласы, ал екінші некесінен 3 баласы болады және осы себепті, табысының $\frac{3}{4}$ бөлігі алимент төлемдеріне ұсталып келген. Бұл ретте осы жағдайдың және табысының кемінде 50% борышты тұлғаның өзінде қалуы керектігін бекітетін отандық заңнама талаптарының ел Конституциясына сәйкестігі жайлы сұрақ туындайды. Сонымен қазақстандық Конституциялық Сот мынадай байлам жасайды:

«Бірнеше сот актісі бойынша өндіріп алынатын алименттер сомасының нақты мөлшері төлеуші жалақысының және (немесе) өзге де кірісінің жартысынан асатын жағдайлар практикада орын алып жатады, бұл алиментті адам жалақысының және өзге де кірісінің 50 пайызынан астамын ұстап қалуды шектейтін Кодекстің 166-бабына, сондай-ақ төленуге тиесілі зейнетақы сомасының 50 пайызынан астамын өндіріп алуға тыйым салуды белгілейтін 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 203-бабының 3-тармағына қайшы келеді.

Бір немесе бірнеше атқарушылық құжат бойынша борышкердің жалақысына немесе өзге де кіріс түрлеріне өндіріп алу қолданылған кезде жалақының немесе өзге де кірістің кемінде 50 пайызын сақтау "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 95-бабы 1-тармағының бірінші абзацында да көзделген. Сонымен қатар, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 115-бабы 3-тармағының негізінде өзімен борышкер еңбек қатынастарында тұратын жұмыс беруші, сондай-ақ өзінен борышкер кіріс алатын өзге тұлға жұмыскерге тиесілі жалақының 50 пайызынан аспайтын мөлшерін ұстап қалады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Конституциялық Сот соттардың заңнама талаптарын сақтауына қатысты қосымша түсіндіру беру қажет деп ойлайды».

Қырғызстандық Конституциялық Соттың бірер жыл бұрынғы тек әкесінің есімін ғана емес, балаға анасының да есімін беруге болатындығы жайлы байламы да Орталық Азия аймағының құқықтық кеңістігінде үлкен резонанс тудырған оқиғалардың бірі болды. Дегенмен қырғыз қоғамының бұл норманы қабылдамауы себепті, қырғызстандық Конституциялық Сот өз байламын қайта қарап балаға әкесінің есімінің берілетіндігі жайлы норманы қалпында қалдырды.

Сонымен Орталық Азия аймағы елдерінің отбасы заңнамасын жетілдіруде осы елдердегі Конституциялық Соттардың тәжірибесін зерттеу және осы бағытта тәжірибе алмасудың да үлкен маңызы барлығы айқын.

Бұл мақаланы әзірлеу барысында Орталық Азия елдерінің заңнамасы соның ішінде, отбасы кодекстері, арнайы заңдары талданды. Бұдан тыс Конституциялық соттардың отбасы мәселелеріне қатысты байламдарына да көңіл бөлінді. Мақалада көтерілген әралуан сауалдарға байланысты отандық және шетелдік авторлардың мақалалары, кітаптары да назардан тыс қалмады. Жекелеген сауалдардың маңыздылығын айшықтай түсу үшін отандық сот практикасынан алынған істерде мақала мазмұнынан орын алды.

Мақаланы жазу барысында жалпы ғылыми әдістермен бірге салыстырмалы-құқықтық және формальды-заңи әдістер сияқты жеке ғылыми әдістер кеңінен қолданылды. Аймақ елдерінің заңнамасы мен реттеу үлгілерін салыстыруда салыстырмалы-құқықтық тәсіл көп жағдайда кәдеге

жарады.

Қолдарыңыздағы зерттеу еңбегінде Орталық Азия аймағына енетін бес республиканың отбасы заңнамасына бірнеше сауал бойынша талдау жүргізуге талпындық. Көп дүниелер бойынша аймақ елдеріндегі заң шығарушылардың ұстанымы ортақ екендіктері айқындалды. Дегенмен алшақтықтардың да барлығы мәлім болуда. Атап айтқанда суррогат аналыққа қатысты аймақ елдерінің заң шығарушыларында әралуан ұстаным бар екендіктері белгілі болды. Некеге дейінгі медициналық тексеру сауалы жайлы да Орталық Азия елдерінде екі ұстаным бар екендігі айқындалды. Бір топ елдер (Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан) мұны некеге тұрушылардың еркіне қалдырса, ал екінші топтағы елдер (Өзбекстан, Тәжікстан) мұндай медициналық тексеруден өтуді некеге тұрушыларға міндетті еткен.

Талқылау

Алдымен, «суррогат ана» мәселесіне назар аударсақ. Атап айтқанда, «суррогат ана» конструкциясына қатысты бүгінгі таңда аймақ елдерінің заң шығарушылары әралуан позиция ұстануда. Мысалы, Қазақстан мен Қырғызстан өз ұлттық заңнамасында бұл конструкцияны бекітіп, қолданысына рұқсат етсе, Өзбекстан мен Тәжікстан заң шығарушылары бұл конструкцияны ұлттық заңнамаларында бекітуден саналы түрде бас тартқан. Ал, Түркіменстан заң шығарушысы тіпті, бұл конструкцияны «адам саудасының» аясында қарастырып тыйым салады. Дегенмен, өзбек Отбасы кодексінің 207-бабының соңғы бөлігінде «суррогат ана» атауы қолданылып, мынадай ереже бекітілген: «Өзара некеде тұратын және баланы көтеріп өмірге әкелдіру мақсатында жазбаша түрде өз эмбриондарын өзге әйелге имплантациялауға келісім берген тұлғалар тек баланы өмірге әкелген сол әйелдің (суррогат ананың) келісімімен ғана баланың ата-анасы ретінде жазылуы мүмкін».

«Суррогат ана» конструкциясына қатысты заңнама базасы

Қазақстан

«Суррогат ана» конструкциясына қатысты құқықтық сауалдарға жауаптар біздің елімізде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінде, «Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды жүргізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-272/2020 бұйрығында берілген.

Қырғызстан

Қырғыз Республикасының Отбасы кодексі (Қырғыз Республикасының Үйбүлө кодекси, 2003-жылдың 30-августу № 201), «Қырғыз Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы» Қырғыз Республикасының 2024 жылдың 12 қаңтардағы заңы («Қырғыз Республикасында жарандардың саламаттығын сақтоо жөнүндө» Қырғыз Республикасының мыйзамы, 2024-жылдың 12-январы № 14), «Қосалқы репродуктивті технологияларды қолдану саласындағы жекелеген актілерді бекіту туралы» («Көмөкчү репродуктивтік технологияларды пайдалануу чөйрөсүндөгү айрым актыларды бекітүү жөнүндө» Қырғыз Республикасының Министрлер кабинетінің токтому, 2024-жылдың 14-октябры № 616)

«Суррогат ана» анықтамасы

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінің (бұдан әрі – *Отбасы кодексі*) 1-бабы 33)-тармақшасында мынадай анықтама берілген: «суррогат ана – суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер үшін қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін құрсақ көтеретін және бала (балалар) туатын әйел». Осы мазмұндас анықтама Қырғыз Республикасының заңнамасында да берілген. «Суррогат аналықты» шартты түрде екіге жіктеуге болатындығы да айтылады: біріншісі, жартылай суррогат аналық яғни, бұл ретте баланы өмірге әкелетін әйел адам (суррогат ана) баланың генетикалық анасы болып табылады; екіншісі, толықтай суррогат аналық және бұл ретте баланы өмірге әкелетін әйел адам тек «тасымалдаушы» яғни, өмірге әкеледі, ал балаға тапсырыс беруші ерлі-зайыптылардың материалдары (жыныстық жұмыртқа клеткалары) қолданылады (Ковачек, 2013). «Ресей Федерациясындағы азаматтардың денсаулықтарын қорғау негіздері туралы» Ресей Федерациясының 2011 жылдың 21 қарашасындағы заңының 55-бабының 10-тармағында «суррогат ана» болатын әйел адамның жыныстық клеткаларын осы суррогат аналыққа қолдануға тыйым салады. Демек, көрші Ресейде толық суррогат аналыққа ғана жол беріледі. Мұндай мазмұндағы тыйым суррогат аналыққа рұқсат ететін Қырғызстан мен Қазақстан заңнамасында бекітілмеген.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінің 9-тарауы (6 бап) толық осы конструкцияға арналған. Осы кодекстің 56-бабының 1-тармағында «суррогат ана» тұлғасына қойылатын талаптарды айқындайтын мына ереже бекітілген: Суррогат ана болуға тілек білдірген әйел жиырмадан отыз беске дейінгі жаста, медициналық ұйымның қорытындысымен расталған, қанағаттанарлық тән денсаулығы, психикалық және репродуктивтік денсаулығы, сондай-ақ өзінің дені сау баласы болуға тиіс. Сонымен, отандық заң шығарушы «суррогат ана» болуға ықыласты тұлғаға осындай талаптарды қояды. Бұдан тыс «суррогат ана» болуға ықыласты әйел адам және тапсырыс беруші ерлі-зайыптылар арасында нотариалды куәландырылатын тиісті шарт жасалуы тиіс. Бұл суррогат ана болу шартында мына деректер көрсетілуі тиіс: 1) ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) және суррогат ананың деректері; 2) суррогат ананың күтіміне арналған материалдық шығыстарды төлеу тәртібі және шарттары; 3) тараптардың шарт талаптары орындалмаған кездегі құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі; 4) өтемақының мөлшері және оны төлеу тәртібі; 5) өзге де, оның ішінде төтенше оқиға жағдайлары қамтылуға тиіс.

Кімдер тапсырыс беруші бола алады?

Тапсырыс берушілер отандық заңнама талаптарына сәйкес міндетті түрде ерлі-

зайыптылар болуы тиіс. Мұны Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі де өз жауабында қуаттайды (ҚР ӘМ 2012 жылғы жауабы). Жалғызбасты әйел адамдардың суррогат аналыққа тапсырыс беруші бола алмайтындығына қатысты сыни мазмұндағы білдірілген пікірлер де кездеседі (Д.Данаеваның мақаласы). Қолданыстағы отандық кодекс «суррогат ана» қызметіне тапсырыс берушілерге келесідей міндеттер жүктейді: 1) суррогат ананың медициналық зерттеп-қараудан өтуімен байланысты материалдық шығыстарды көтеруге; 2) қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылуына байланысты материалдық шығыстарды көтеруге; 3) қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйымға тән саулығы, психикалық денсаулығы туралы медициналық қорытындыны, сондай-ақ медициналық-генетикалық зерттеп-қараудың нәтижелерін ұсынуға; 4) суррогат ананың жүктілігі, босануы кезеңінде және босанғаннан кейін елу алты күн ішінде медициналық қызмет көрсету бойынша шығыстарды төлеуге, ал жүктілікпен және босанумен байланысты асқыну болған жағдайда, жетпіс күн ішінде шығыстарды төлеуге міндетті.

«Суррогат ана» конструкциясын реттейтін ережелердің өзара үйлесімділігі

Литвалық зерттеуші Марюс Страчкайтис өзінің зерттеу мақаласында «суррогат ана» конструкциясының даулы сауал екендігіне назар аударып, бұған қатысты әлем елдерінде келесідей 4 реттеу үлгісінің қалыптасқандығын атап көрсетеді:

- 1) Суррогаттыққа қылмыстық жауаптылықты бекіте отырып қатаң тыйым салу;
- 2) Жүктілікке байланысты медициналық және өзге де шығындарды өтеу жағдайларын қоспағанда тек сыйақы төленетін суррогаттыққа тыйым салу;
- 3) Суррогаттық шартының тараптарына қолданылатын қатаң ережелерді бекіте отырып суррогаттыққа рұқсат ету;
- 4) Суррогаттық тараптарына өздерінің құқықтары мен бостандықтарын белгілеуде кең еркіндік беріп либеральды реттеу (Страчкайтис, 2014). Әлем елдерінде «суррогат ана» конструкциясына қатысты біркелкі ұстаным жоқ екендігі жайлы отандық авторлардың да мақалаларында айтылады.

Жоғарыда берілген М. Страчкайтисіңжіктеуіне сүйеніп, Қазақстан мен Қырғызстанның осы мәселедегі құқықтық реттеу үлгісін шартты түрде үшінші топқа жатқызуға болады деп пайымдаймыз. Дегенмен суррогат аналық жайын реттейтін ережелерді кемел берілген, жан-жақты қамтылған деуден аулақпыз. Мысалы, әдебиеттерде отандық Отбасы кодексінің 16-бабының 2-тармағында бекітілген «Некені (ерлі-зайыптылықты) зайыбының жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде оның келісімінсіз бұзуға болмайды» деген мазмұндағы ереженің «суррогат аналыққа» тапсырыс берген тұлғалардың некені бұзу мүмкіндігі жайлы ережелермен өзара үйлеспей жатқандығына назар аударылады (Борисенко, 2014). Ия, шындығында отандық отбасы кодексі «суррогат ана» шарты қолданылып жатқан кезеңде тапсырыс беруші ерлі –зайыптыларға өзара некесін бұзуға тыйым салмайды. Тіпті, отандық заң шығарушы мұндай жағдай туындаған ретте балаға қай тараптың жауапты болатындығы жайлы сауалға жауапты қарастырумен айналысып, ал некені бұзуға тыйым мәселесін назардан тыс қалдырған.

Бұдан тыс «суррогат ана» конструкциясы «адам саудасына» тыйым салатын заңнаманы айналып өту құралы емес пе, деген де сауал туындайды. Атап айтқанда «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 5 шілдедегі № 110-VIII заңының 1-бабы 1)-тармақшасында адам саудасына келесідей анықтама берілген: «1) адам саудасы – адамды, оның ішінде кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оларға

қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не қанау мақсатында азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ өзге де іс-әрекеттерді жасау, оның ішінде күш қолдану немесе оны қолдану қатерін төндіру немесе өзге де мәжбүрлеу тәсілдерін қолдану, алдау немесе сенімді теріс пайдалану, қызмет бабын, **материалдық немесе өзге де тәуелділікті пайдалану арқылы жасау;**» (біз тарапымыздан қарамен боялып көрсетілді). Ал осы заңның 1-бабы 9)-тармақшасында болса, адам саудасының потенциалды болашақ жәбірленушісі келесідей анықтама арқылы ашылған: «9) адам саудасының ықтимал құрбаны – өзіне қатысты адам саудасына байланысты қылмыстар жасауға жағдайлар туғызатын, материалдық, психологиялық немесе өзге де тәуелділігі, кәмелетке толмауы немесе егде жаста болуы, жетімдігі немесе ата-ана қамқорлығының болмауы, мүгедектігі, психикалық және өзгедей ауруы, психикаға белсенді әсер ететін заттарды шамадан тыс пайдалануы, жұмыссыздығы, баспанасыздығы (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар), реттелмеген құқықтық мәртебесі салдарынан болатын осал жағдайдағы адам, сондай-ақ адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендіруден өткенге дейін адам саудасының болжамды (болуы мүмкін) құрбаны.». Әйел адамдардың «суррогат ана» болуға келісім беруіне материалдық жағдайының төмендігі көп жағдайда себеп болатындығы айтылады. Осы тұста шындығында суррогат аналықты адам саудасын бүркемелейтін құбылыс деп қабылдап, бұған қатаң тыйым салатын көптеген шетелдік заң шығарушылардың мұндай қадамдарының негізсіз емес екендігін аңғарамыз. Басқа адамдардың (суррогат ананың) денсаулығы, қиналуы үстінде бақытты өмір, отбасы құру мүмкін деп ойлау қаншалықты орынды?! Ия, оңай емес, даулы сұрақ. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабы 5-тармағында келесі мазмұндағы ереже бекітілген: «Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс». Қазіргі қолданыстағы суррогат аналықты реттейтін отандық заңнаманың олқы тұстары жетерлік. Мысалы, суррогат аналық процессіне құқықтық және психологиялық қолдау көрсету орталығының директоры Дамира Бақбергенова бұл конструкцияның тәжірибедегі қолданысын кемелдендіру мақсатында келесідей ойларын ортаға салады: біріншіден, шарттың суррогат ана мен тапсырыс беруші ерлі-зайыптылар арасындағы маңызды сауалдарды реттейтін құрал болуы себепті, мұны куәландыруды және жасасу салдарын түсіндіруді тәжірибелі нотарустардың жүргізуі қажеттігін айтады; екіншіден, суррогат аналыққа қатысушылардың көп жағдайда бұл жайлы мәліметті жариялауға ықыласты болмайтындығын және осы себепті, суррогат аналық арқылы балалы болуға «бала асырап алу барысындағы құпиялылық» сияқты мәртебе беру; үшіншіден, тек суррогат аналық шартын ғана емес, сонымен бірге бұл шартпен параллель баланы өмірге әкелетін суррогат ананың өмірін, денсаулығын да сақтандыру шартын қоса жасасуды міндеттеу қажет; төртіншіден, суррогат ана болуға ықылас білдірген әйел адамға қатысты қазіргі қолданыстағы заңнамада қойылған 20 – 35 жас аралығы талабын қайта қарастырып, 25 – 40 жас аралығы деп түзету ұсынылады (Бақбергенова, 2014).

«Суррогат ана» конструкциясының адамның психологиясы, ішкі жан дүниесі мен денсаулығына ықпалы қандай?

Бұл сауалды ашу үшін отандық соттарда қаралған мына бір іске назар аударсақ. Атап айтқанда, Алматы қаласы Алмалы аудандық №2 сотының 2021 жылдың 03 қарашасындағы № 7520-21-00-2/6021 шешіміне арқау болған төменде сипатталған істе, оқиға келесідей мазмұнда өрбіген. 2019 жылы тараптар арасында «суррогат ана» болу жайлы тиісті шарт жасалып, осы

шарт ережелеріне сәйкес 2020 жылы дүниеге келген баланы, биологиялық анасы «суррогат аналыққа» тапсырыс беруші тұлғаларға береді. Алайда арада жарты жыл өткенде баланың биологиялық анасы ішкі жан дүниесінің азапқа, үлкен күйзеліске түскендігін алға тартып, баланы өзіне кері қайтарып беруді сұрап сотқа жүгінеді. Істі қараған сот, биологиялық ананың өз еркімен суррогат аналыққа келіскендігін алға тартып, биологиялық ананың талабын қанағаттандырмай тастайды. Осы мазмұндағы істің өзге елдерде де орын алып жатқандығы жайлы деректер бар. Мысалы, 1990 жылдары АҚШ жұртшылығының назарын аударған *Mary Whitehead v. William and Elisabeth Stern* ісі. Бұл істе баланы дүниеге әкелген «суррогат ана» кейіннен баланы тапсырыс беруші ерлі-зайыптыларға беруден бас тартады. Ал тапсырыс беруші ерлі-зайыптылар сотқа жүгініп баланы мәжбүрлі алып алуға әрекет етеді. Қорытындысында, сот баланы суррогат аналыққа тапсырыс беруші ерлі-зайыптыға беру жайлы байлам жасайды (Martha Field, 1988).

Ал Алматы қаласы Әуезов аудандық №2 сотының 2020 жылдың 13 қарашасындағы № 2-3406 шешімінде сипатталған мына бір істе оқиға былай болған. 2019 жылы суррогат ана мен баланың болашақ ата-анасы арасында суррогат аналық туралы шарт жасалады. Сөйтіп, 2020 жылы бала дүниеге келеді. Алайда бұл сәтте тапсырыс беруші тұлғалар (биологиялық ата-ана) ковид пандемиясының басталуына орай Қазақстанға кіре алмай қалады. Баламен болған бірнеше айда баланы өмірге әкелген суррогат ана балаға бауыр басып, баланы кері беруден бас тартады. Ал баланың биологиялық ата-анасы болса, баланы талап етіп сотқа жүгінеді. Істі мазмұны бойынша қараған сот, суррогат ананың балаға бауыр басып қалғанына назар аудармастан баланы биологиялық ата-анасына кері беру керектігі жайлы байлам жасайды.

Төменде сипатталатын мына бір істегі оқиға - суррогат аналықтың күрделі мәселе екендігін тіпті, айшықтай түседі. Атап айтқанда Қарағанды облыстық сотының кассациялық сот алқасының 2014 жылдың 26 қарашасындағы № 2к –2016 қаулысында келесідей іс сипатталады. «Суррогат ана» болуға келіскен әйел және тапсырыс беруші ерлі-зайыптылар арасында тиісті шарт жасалып, осы шарт ережелеріне сәйкес «суррогат ана» баланы өмірге әкелген соң тапсырыс беруші ерлі-зайыптыларға баланы беруі тиіс болады. Ал тапсырыс берушілер бұл үшін уағдаласқан сыйақы сомасын төлеуге міндеттенеді. Алайда «суррогат ана» баланы өмірге әкелгеннен кейін нәресте тек екі тәулік ғана өмір сүріп сол перзентханада шетінеп кетеді. Енді, тараптар арасында сыйақы сомасына қатысты дау туындап, тапсырыс беруші ерлі-зайыптылар сәбидің өздеріне берілмегендігін, осы себепті «суррогат ана»-ның өзіне алған міндеттемелерді тиісінше орындамағандығын алға тартып уағдаласқан сыйақы сомасын төлеуден бас тартады. Ал істі қараған сот, осы ретте шынында «суррогат ана»-ның тапсырысты орындамағандығын, атап айтқанда баланың тапсырыс берушілерге берілмегендігін алға тартып өзіне уәде етілген сыйақы сомасын сұраған «суррогат ана»-ның талабын қанағаттандырусыз қалдырады.

Сонымен жоғарыда сипатталған отандық соттарда қаралған істерден суррогат аналық конструкциясының жауабына қарағанда сұрағы көп мәселе екендігі жайлы байлам жасауға болады. *Енді, екінші тоқталатын мәселеміз – некеге дейінгі медициналық тексеру мәселесі болмақ.* Американдық бір журналист әңгімесін “Сіз үйленгелі (тұрмысқа шыққалы) жатқан қалыңдығыңыз (болашақ жарыңыз) жайлы барлық мағлұматты (мысалы, болашақ жарыңыз қандай кофені ішкенді ұнатады, сүйіп тыңдайтын музыкасы не, қай елдерге саяхаттағанды жақсы көреді т.с.с.) білемін деп ойлайсыз, бірақ, бір маңызды мәселені назардан тыс қалдырасыз”деп бастайды. Кейінгі жолдарда, бұл мәселенің шаңырақ көтергелі жатқан тараптардың денсаулық жағдайы екендігін айтады (С. Мэлоунның мақаласы). Сонымен, Орталық Азия аймағындағы екі елдің заң шығарушылары (Өзбекстан (өзбек Отбасы

кодексінің 17-бабы), Тәжікстан (*тәжік Отбасы кодексінің 15-бабы*) некеге тұрарға дейін барлық азаматтарына мемлекет есебінен медициналық тегін тексеруден өтуге міндеттейді. Ал Қазақстан, Қырғызстан мен Түркіменстан заң шығарушылары бұл мәселені некеге тұрушылардың еркіне қалдырған. Жергілікті менталитетті ескерер болсақ, бұл мәселе некеге дейін мүлдем көтерілмейді деуге болады. Сол себепті, аймақтағы елдердің заң шығарушыларына осы мәселені қайта қарастыру қажеттілігі және осы тәжірибені қолданып келе жатқан Өзбекстан мен Тәжікстан үлгісін қарастыру ұсынысын жеткізгіміз келеді. Мысалы, көрші Өзбекстан Республикасында бұл сауал Отбасы кодексімен және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2003 жылғы 25 тамыздағы Қаулысымен бекітілген «Неке тұратын тұлғаларды міндетті медициналық тексеру жайлы Ереже»-мен реттеледі. Тәжікстан Республикасы да бұл сауалды осы мазмұнда реттеген. Негізі, некеге дейінгі медициналық тексеруді міндеттеу тәжірибесі әлемнің көптеген елдерінде бар үлгі.

Неке тұрушыларды міндетті медициналық тексеруден өткізудің маңыздылығын мына бір деректен айқын көруге болады. Атап айтқанда 2015 жылы Ресей Федерациясының Мемлекеттік Думасына некеге тұрар алдын медициналық тексеруді міндеттеу жоспарланған заң жобасы енгізіліп, осы заң жобасының түсіндірме жазбасында келесідей деректер болған еді: «Согласно данным статистики, публикуемым Федеральным научно-методическим Центром по профилактике и борьбе со СПИДом, в 2014 году было сообщено о 85252 новых случаях ВИЧ-инфекции среди граждан Российской Федерации, исключая выявленных анонимно и иностранных граждан, что на 6,9% больше, чем в 2013 году. Показатель заболеваемости в 2014 году составил 58,4 новых случаев на 100 тыс. населения, превысив на 5,0% показатель 2013 года. Число ВИЧ-инфицированных в первом квартале 2015 года в России увеличилось на 10% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года - до 933 тысяч человек, что сопоставимо с числом больных ВИЧ-инфекцией во всех европейских странах».

Некеге тұрушыларға медициналық тексеруді міндеттеу сауалы көтерілгенде бұл идеяға қарсы айтылатын уәждердің бірі – ол адам құқықтары және бостандықтарын белден басу ықтималдылығы айтылады. Бұл ретте сауалдың осы қыры талқыланды мына бір іске назар аударсақ. Мысалы, АҚШ-тың Висконсия штатының Жоғары соты *Peterson v. Widule* ісі бойынша 1914 жылы қабылдаған өзінің қаулысында мемлекеттің некеге тұрушыларға мұндай медициналық тексеруден өтуді міндеттей алатындығын бекітіп, мынадай уәж келтіреді: «Ақылға қонымды заңдар арқылы мемлекеттің неке қатынастарын реттей алатындығы және зайыбы не ұрпақтарына не олардың екеулеріне де берілуі мүмкін тұқым қуалайтын сырқаттары бар тұлғалардың некеге тұруына тосқауыл қою құқығын мемлекеттің иеленетіндігі даусыз. Қауым жойылудан өзін сақтауға және қауым мүшелерін өлімнен де нашар тағдырдан қорғауға құқылы (The power of the state to control and regulate by reasonable laws the marriage relation, and to prevent the contracting of marriage by persons afflicted with loathsome or hereditary diseases, which are liable either to be transmitted to the spouse or inherited by the offspring, or both, must on principle be regarded as undeniable. Society has a right to protect itself from extinction and its members from a fate worse than death).

Енді, заң шығару, заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесі ұзақ жүретін үрдіс. Әзірге мұндай медициналық тексеруді талап етпейтін Орталық Азияның жекелеген мемлекеттеріндегі (Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан) бұқара халықтың қолдан келетіні өз денсаулығына өзінің жауапты екендігін естен шығармауы және мүмкіндігінше, бұл жайлы білген ақпаратын айналасындағы адамдарға хабарлап ескерте жүру ғана болмақ.

Қорытынды

Көнеден Орталық Азия халықтары ауылы аралас, қойы қоралас елдер. Халық даналығы «Алыстағы ағайыннан жақындағы көршің артық» деп те түйіндейді. Осы елдердегі отбасы институтын реттейтін ұлттық заңнамалардың ұғынықтылығы мен айқындылығын, белгілі-бір деңгейде Орталық Азия аймағын мекендейтін халықтардың бұдан былайғы да өзара бірлік пен түсіністікке негізделген тіршілігіне оң ықпал етуге әлеуеті бар фактор деп бағалауға болады. Қазіргі уақытта аймақ елдеріндегі миграция, сауда мәселелері бойынша өзара барыс-келіс қарқынды дамуда. Бұл өз кезегінде күн тәртібіне құқықтық реттеудің үйлесімділігі мәселесін шығарады. Осы тұрғыдан алғанда, аймақ елдерінің бір-бірінің тәжірибесін зерттеуі, тәжірибе алмасуы, біріндегі сыннан өткен озық үлгіні алуы өте маңызды болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- Martha A. Field. Surrogate motherhood, expanded edition. // ebsco.com Соңғы қаралған күні: 12.09.2025
- Peterson v. Widule. Wisconsin Supreme Court <https://www.cetient.com/case/peterson-v-widule-8227442> Соңғы қаралған күні: 10.09.2025
- Sandy Malone. "Pre-Wedding Blood Tests" https://www.huffpost.com/entry/prewedding-blood-tests_b_1305097 Соңғы қаралған күні: 20.09.2025
- Stanic, Gordana Kovacek. "State Regulation of Surrogate Motherhood: Liberal or Restrictive Approach." International Journal of the Jurisprudence of the Family, 4, 2013, pp. 35-58. HeinOnline. Соңғы қаралған күні: 17.09.2025
- Türkmenistanyň Maşgala kodeksi (Түркіменстанның отбасы кодексі) <https://mejlis.gov.tm/single-code/16?lang=tm> Соңғы қаралған күні: 17.08.2025
- Бакбергенова, Д. (2014) «Проблемы правового регулирования вопросов суррогатного материнства в Республике Казахстан» Материалы круглого стола «Правовое регулирование вопросов суррогатного материнства».) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31647536&pos=9;-28#pos=9;-28 Соңғы қаралған күні: 10.09.2025
- Борисенко, Н. (2014) «Правовое регулирование суррогатного материнства в Республике Беларусь» Материалы круглого стола «Правовое регулирование вопросов суррогатного материнства» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31647536&pos=9;-28#pos=9;-28 Соңғы қаралған күні: 10.09.2025
- В Кыргызстане официально разрешили матчество» https://forbes.kz/articles/v_kyrgyzstane_ofitsialno_razreshili_matchestvo Соңғы қаралған күні: 15.09.2025
- Данаева, Д. (2014) «Медицинские, правовые и этические аспекты суррогатного материнства в Республике Казахстан» Материалы круглого стола «Правовое регулирование вопросов суррогатного материнства» (г. Астана, 16 мая 2014 г.) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31647536&pos=9;-28#pos=9;-28 Соңғы

қаралған күні: 10.09.2025

Көмөктү репродуктивдик технологияларды пайдалануу чөйрөсүндөгү айрым актыларды бекитүү жөнүндө» Кыргыз Республикасынын Министрлер кабинетинин токтому, 2024-жылдын 14-октябры № 616 <https://cbd.minjust.gov.kg/7-33594/edition/18308/kg?lang=ru> Соңғы қаралған күні: 17.09.2025

Кыргыз Республикасында жарандардын саламаттыгын сактоо жөнүндө» Кыргыз Республикасынын мыйзамы, 2024-жылдын 12-январы № 14 <https://cbd.minjust.gov.kg/4-5260/edition/1939/kg> Соңғы қаралған күні: 17.09.2025

Кыргыз Республикасынын Үйбүлө кодекси, 2003-жылдын 30-августу № 201 <https://cbd.minjust.gov.kg/1327/edition/1163855/kg> Соңғы қаралған күні: 17.09.2025

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы" 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6 нормативтік қаулысының 29-тармағы екінші, үшінші және төртінші абзацтарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 58-НҚ нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000058> Соңғы қаралған күні: 17.08.2025

Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды жүргізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-272/2020 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021816> Соңғы қаралған күні: 17.09.2025

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 37-бабы 6-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 55-НҚ нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000055> Соңғы қаралған күні: 17.08.2025

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 91-бабы 2-тармағы 11) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 23 шілдедегі № 49-НҚ нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000049> Соңғы қаралған күні: 17.08.2025

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518#z123> Соңғы қаралған күні: 17.09.2025

Ответ Министра юстиции РК от 18 октября 2012 года на вопрос от 9 октября 2012 года № 168927 (e.gov.kz) «Необходимо согласие обоих супругов на заключение договора суррогатного материнства, следовательно, соглашение с суррогатной матерью имеют право заключать только супруги» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31275446&pos=10;4#pos=10;4 Соңғы қаралған күні: 17.09.2025

Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулысының 6-тармағы <https://lex.uz/docs/2414116> Соңғы қаралған күні: 10.09.2025

Пояснительная записка к проекту федерального закона «О внесении изменений в статью 26 Федерального закона «Об актах гражданского состояния» <http://asozd2.duma.gov.ru/main.nsf/%28SpravkaNew%29?OpenAgent&RN=878942-6&02>

Соңғы қаралған күні: 10.09.2017

Решение Конституционного Суда Кыргызской Республики от 09 ноября 2023 года «О пересмотре Решения Конституционного суда от 30 июня 2023 года по делу о проверке конституционности нормативного положения части 2 статьи 63 Семейного кодекса Кыргызской Республики, выраженного словами «отчество присваивается по имени отца», нормативного положения абзаца второго части 1 статьи 30, выраженного словами «Перемена отчества осуществляется по именам отца, усыновителя, отчима, дедушки по линии отца или матери», абзаца второго части 3 статьи 30 Закона Кыргызской Республики «Об актах гражданского состояния» в связи с обращением Тилек кызы Эльвиры и Осмоналиевой Айнуры Мусаевны, представляющих интересы Капаловой Алтын Абдыкадыровны» <https://constsot.kg/wp-content/uploads/2023/11/peresmotr-resheniya-po-matchestvu-1.pdf>

Соңғы қаралған күні: 20.09.2025

Саукенова, С. (2013) «Договор суррогатного материнства по законодательству Республики Казахстан» // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 42. Под редакцией доктора юридических наук, профессора А.Г. Диденко https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31519059 Соңғы қаралған күні: 10.09.2025

Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуір N 5 нормативтік қаулысының 4-тармағы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P00000005S> Соңғы қаралған күні: 10.09.2025

Страчкайтис, М. (2014) «Правовое регулирование вопросов суррогатного материнства в Литве» Материалы круглого стола «Правовое регулирование вопросов суррогатного материнства» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31647536&pos=9;-28#pos=9;-28 Соңғы қаралған күні: 10.09.2025

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> Соңғы қаралған күні: 17.09.2025

References

- Bakbergenova, D (2014) «Problemy pravovogo regulirovaniya voprosov surrogatnogo materinstva v Respublike Kazahstan» *Materialy kruglogo stola «Pravovoe regulirovanie voprosov surrogatnogo materinstva»* https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31647536&pos=9;-28#pos=9;-28 Songi karalghan kyni: 10.09.2025
- Borisenko, M. (2014) «Pravovoe regulirovanie surrogatnogo materinstva v Respublike Belarus'» *Materialy kruglogo stola «Pravovoe regulirovanie voprosov surrogatnogo materinstva»* https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31647536&pos=9;-28#pos=9;-28 Songi karalghan kyni: 10.09.2025
- Danaeva, D. (2014) «Medicinskie, pravovye i eticheskie aspekty surrogatnogo materinstva v Respublike Kazahstan» *Materialy kruglogo stola «Pravovoe regulirovanie voprosov surrogatnogo materinstva»* https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31647536&pos=9;-28#pos=9;-28 Songi karalghan kyni: 10.09.2025

- Halyk densaulygy zhane densaulyk saktau zhyjesi turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2020 zhylygy 7 shildedegi № 360-VI KRZ Kodeksi <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> Songy karalghan kyni: 17.09.2025
- https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31275446&pos=10;4#pos=10;4 Songi karalghan kyni: 17.09.2025
- Komokchy reproduktivdik tekhnologiyalarydajaldalanuu chojrosyndogy ajrym aktylardy bekityy zhonyndo» Kyrgyz Respublikasynyn Ministrler kabinetinin toktomu, 2024-zhyldyn 14-oktyabry № 616 <https://cbd.minjust.gov.kg/7-33594/edition/18308/kg?lang=ru> Songi karalgankyni: 17.09.2025
- Kosalky reproduktivtik adister men tekhnologiyalarydajyrgizu kagidalary men sharttaryn bekity turaly» Kazakhstan Respublikasy Densaulyk saktau ministrinin 2020 zhylygy 15 zheltoksandgy № QR DSM-272/2020 bujrygy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021816> Songi karalghan kyni: 17.09.2025
- Kyrgyz Respublikasynda zharandardyn salamattygyn saktuu zhonyndo» Kyrgyz Respublikasynyn myjzamy, 2024-zhyldyn 12-yanvary № Songi karalghan kyni: 17.09.2025
- Kyrgyz Respublikasynyn Yjbylo kodeksi, 2003-zhyldyn 30-avgustu № 201 <https://cbd.minjust.gov.kg/1327/edition/1163855/kg> Songi karalghan kyni: 17.09.2025
- Martha A. Field. (1988) *Surrogate motherhood, expanded edition*
- Neke (erli-zajyptylyk) zhane otbasy turaly" 2011 zhylygy 26 zheltoksandagy Kazakhstan Respublikasy Kodeksinin 37-baby 6-tarmagynyn Kazakhstan Respublikasynyn Konstituciyasyna saikestigin karau turaly" Kazakhstan Respublikasy Konstituciyalyk Sotynyn 2024 zhylygy 4 zheltoksandagy № 55-NK normativtik kaulysy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000055> Songi karalghan kyni: 17.08.2025
- Neke (erli-zajyptylyk) zhane otbasy turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2011 zhylygy 26 zheltoksandagy № 518-IV Kodeksi <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518#z123> Songi karalghan kyni: 17.09.2025
- Otvot Ministra yusticii RK ot 18 oktyabrya 2012 goda na vopros ot 9 oktyabrya 2012 goda № 168927 (e.gov.kz) «Neobhodimo soglasie oboih suprugov na zaklyuchenie dogovora surrogatnogo materinstva, sledovatel'no, soglasenie s surrogatnoj mater'yu imeyut pravo zaklyuchat' tol'ko suprugii»
- Ozbekstan Respublikasy Zhogargy Soty Plenumynyn kaulysynyn 6-tarmagy [Resolution The Plenum of the Supreme Court of the Republic of Uzbekistan "On the practice of applying legislation by courts in cases of divorce"] <https://lex.uz/docs/2414116> Songi karalghan kyni: 10.09.2025
- Peterson v. Widule. Wisconsin Supreme Court <https://www.cetient.com/case/peterson-v-widule-8227442> Songi karalghan kyni: 10.09.2025
- Poyasnitel'naya zapiska k proektu federal'nogo zakona «O vnesenii izmenenij v stat'yu 26 Federal'nogo zakona «Ob aktah grazhdanskogo sostoyaniya» <http://asozd2.duma.gov.ru/main.nsf/%28SpravkaNew%29?OpenAgent&RN=878942-6&02> Songi karalghan kyni: 10.09.2017
- Sandy Malone. "Pre-Wedding Blood Tests" https://www.huffpost.com/entry/prewedding-blood-tests_b_1305097 Songi karalghan kyni: 20.09.2025
- Saukenova, S. (2013) «Dogovor surrogatnogo materinstva po zakonodatel'stvu Respubliki Kazahstan» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31519059 Songi karalghan kyni: 10.09.2025
- Stanic, Gordana Kovacek.(2013)"State Regulation of Surrogate Motherhood: Liberal or Restrictive Approach." *International Journal of the Jurisprudence of the Family*. Songi karalghan kyni:

- 17.09.2025 «Sottardyn nekeni (erli-zajyptylykty) byzu turaly isterdi karagan kezde zannamany koldanuy turaly» Kazakhstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn 2000 zhylgy 28 sauir N 5 normativtik kaulysynyn 4-tarmagy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000000005S>
Songi karalghan kyni: 10.09.2025
- Strachkajtis, M. (2014) «Pravovoe regulirovanie voprosov surrogatnogo materinstva v Litve» *Materialy kruglogo stola «Pravovoe regulirovanie voprosov surrogatnogo materinstva* https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31647536&pos=9;-28#pos=9;-28 Songi karalghan kyni: 10.09.2025
- Türkmenistanyň Maşgala kodeksi (Türkmenistannyn otbasy kodeksi) <https://mejlis.gov.tm/single-code/16?lang=tm> Songi karalghan kyni: 17.08.2025
- V Kyrgyzstane oficial'no razreshili matchestvo» <https://forbes.kz/articles/v-kyrgyzstane-ofitsialno-razreshili-matchestvo> Songi karalghan kyni: 15.09.2025

IRSTI: 10.47.31

The current condition of legislation on marriage and family in Central Asian countries: opportunities for improvement

Marat Yestemirov¹¹SDU University, Kaskelen, Kazakhstane-mail: marat.yestemirov@sdu.edu.kz

Abstract

In the article, the author analyzes the current condition of legislation on marriage and family in Central Asian countries. The importance of the decisions of the Constitutional Court in the further development of family law is highlighted and it is recommended to study the experience of the Constitutional Courts of Central Asian countries in order to further improve the legislation of the countries of the region. It is concluded that the Central Asian countries have similar legislation on marriage and family. At the same time, there are a number of areas of legal regulation that vary in Central Asian countries. For example, the legal regulation of surrogacy. Regarding this issue, the legislators of the countries of the region adhere to diametrically opposed positions to each other: in Kazakhstan and Kyrgyzstan, "surrogacy" is allowed, while the legislators of Uzbekistan and Tajikistan have taken a neutral position, and the legislator of Turkmenistan equates this construction to human trafficking. Examples from Kazakh judicial practice regarding "surrogate motherhood" are given. Using the example of individual disputes considered by local courts and based on the analysis of foreign experience, conclusions are drawn about the "ambiguity" of the situation around the construction of "surrogacy." The next issue on which the positions of the legislators of the countries did not coincide was the issue of medical examination of persons entering into marriage. The legislators of Uzbekistan and Tajikistan have introduced mandatory free medical examinations of persons entering into marriage and the results of which must be notified to the persons entering into marriage. Whereas, the legislators of Kazakhstan, Kyrgyzstan and Turkmenistan left this issue to the discretion of the persons entering into marriage.

Keywords: marriage, family, surrogacy, medical examination of persons entering into marriage, judicial practice.

MPHTI: 10.47.31

Современное состояние законодательства о браке и семье в странах Центральной Азии: возможности совершенствования

Марат Естемиров¹

¹SDU University, Каскелен, Казахстан

e-mail: marat.yestemirov@sdu.edu.kz

Аннотация

В статье автор анализирует современное состояние законодательства о браке и семье в странах Центральной Азии. Освещены значения постановлений Конституционного Суда в развитие семейного права и рекомендована изучить опыт Конституционных Судов стран Центральной Азии с целью дальнейшего совершенствования законодательства стран региона. Сделаны выводы о том, что в странах Центральной Азии схожие законодательства о браке и семье. В то же время есть ряд направлений правового регулирования которых в странах Центральной Азии разнятся. Например, правовое регулирование суррогатного материнства. Относительно этого вопроса, законодатели стран региона придерживаются диаметрально противоположных позиций к друг-другу: в Казахстане и Кыргызстане «суррогатное материнство» разрешено, тогда как законодатели Узбекистана и Таджикистана заняли нейтральную позицию, а законодатель Туркменистана приравнивает данную конструкцию к торговле людьми. Приведены примеры из казахстанской правоприменительной практики относительно «суррогатного материнства». На примере отдельных споров, рассмотренных отечественными судами и по итогам анализа зарубежного опыта сделаны выводы о «неоднозначности» ситуации вокруг конструкции «суррогатного материнства». Следующий вопрос, по которым позиций законодателей стран региона не совпали, это вопрос медицинского обследования лиц, вступающих в брак. Законодатели Узбекистана и Таджикистана ввели обязательный бесплатный медицинский обследования лиц, вступающих в брак и об итогах, которых должны быть извещены лица, вступающие в брак. Тогда как, законодатели Казахстана, Кыргызстана и Туркменистана оставили этот вопрос на усмотрения лиц, вступающих в брак.

Ключевые слова: брак, семья, суррогатное материнство, медицинское обследование лиц, вступающих в брак, судебная практика.